

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Соңғы үш жыл қатарынан тасыған Ойыл өзені аудан тұрғындарын біраз өбiгерге салған едi. Жылма жыл көлемi көбейiп келген тасқын судан елдi мекендердi бiрiншiден ауылды айнала тұрғызыған бөгет, екiншiден халықтың жанқиярлық еңбегi аман алып қалды. Әйтсе де, жойқын келген су тасқыны бөгеттер мен тас жолдардың осал тұстарын көрсетiп кеттi. Бүгiнгi күнi тасқынның өсерiнен бұзылған көпiрлер қалыпқа келтiрiлiп, тас жолдың су жырған жерлерiне суағарлар орнатылды. Ендi елдi мекен айналасындағы бөгеттердi биiктету жұмыстары қолға алынды.

Бауыржан БЕРДІҒАЛИЕВ,
суреттердi түсiрген автор

БӨГЕТТЕР БИИКТЕТІЛУДЕ



Аудан әкiмi аппаратының мемлекеттік құқықтық жұмылдыру дайындығы және төтенше жұмыстар жөніндегі бөлімінің басшысы Мақсат Төкеновтің айтуынша, Миялы (7500 метр), Сағыз (7202 метр), Жангелдин (4000 метр), Ойыл (3150 метр), Көздіғара (5636 метр), Тасшағыл (300 метр), Жамбыл (2500 метр), Қарабау (3250 метр) және Тайсойған (4950 метр) ауылдары мен Аққора (1500 метр), Дәулетиман (500 метр), Қоғам (370 метр) және Қоныстану (400 метр) елдi мекендерінің бөгеттерін барлығы 41 200 метр биіктету жоспарланған. Жоба құны – 795 миллион 500 мың теңге. Өткен жылдың желтоқсан айында басталған бұл жұмыстың бүгінгі

күні 21 100 метрі (Миялы – 3000 метр, Сағыз – 6500 метр), Ойыл – 2000 метр, Көздіғара – 1500 метр, Тасшағыл – 370 метр, Жамбыл – 2500 метр, Қарабау – 3220 метр, Тайсойған – 2000 метр) биіктетілді. Бұл жұмыстарға елдi мекен бөгеттерін биіктету жұмысын жүргізіп жатқан «Batys Qazaq Qurylys» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 30 техникасы жұмылдырылды. Бөгет биіктету жұмыстары көктемгі су тасқынына дейін, яғни ақпан айының аяғында толық аяқталуы тиіс. Ал, Сағыз ауылындағы Ноғайты өзенінің де осал тұстары бекітіліп, өзен арнасы тазартылууда. Бұл жұмыстар коммуналық меншіктегі бульдозер, экскаватор, тиегіш (погрузчик) және «КАМАЗ»

көліктерімен атқарылууда. Сонымен қатар атамыш өзен жағалауын нығайтып, бетон төсеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттамасы жасақталып, сараптамадан өтті. Қаржының бөлінуіне қарай бұл жұмыстар биыл басталады. Сондай-ақ, Ойыл және Сағыз өзендерін тазартып, тереңдету үшін жобалық-сметалық құжаттама жасақталуда. Міне, ауданда көктемгі сутасқынына дайындық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Дегенмен мердігер мекеме бұл жұмыстарды уақытында әрі сапалы жасауы тиіс. Сонда ғана көктемгі су тасқыны ауылға кіріп кету қаупінен сейілетіні сөзсіз.



ХАБАРАЛАНДЫРУ

«АП-Нафта Оперейтинг» ЖШС келесі жобаны «22.08.2023 жылғы № 5255-УВС келісім-шартқа сәйкес Жантөрек аумағындағы көмірсутектерді іздеу бойынша барлау жобасына» Ықтимал әсерлер туралы есепті талқылау мақсатында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаудың басталатын күні мен уақыты: 19.02.2025 ж., сағат 15.00-де Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр а.о., Жантөрек ауылы, №75 бастауыш мектеп ғимараты.

Әсер ету аймағының координаттары: 1) 48°16'00" с.ш, 57°25'00" б.д, 2) 48°16'00" с.ш, 57°28'00" б.д, 3) 48°17'00" с.ш, 57°28'00" б.д, 4) 48°17'00" с.ш, 57°30'00" б.д, 5) 48°18'00" с.ш, 57°30'00" б.д, 6) 48°18'00" с.ш, 57°31'00" б.д, 7) 48°20'00" с.ш, 57°31'00" б.д, 8) 48°20'00" с.ш, 57°38'00" б.д, 9) 48°23'00" с.ш, 57°38'00" б.д, 10) 48°23'00" с.ш, 57°43'00" б.д, 11) 48°14'00" с.ш, 57°43'00" б.д, 12) 48°14'00" с.ш, 57°31'00" б.д.

Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCwZADckXOPio14rW7ao0BCARZA.1>
Конференция идентификаторы: 495 616 6428
Кіру коды: 1234567

Конференцияға қосылуды мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашы: «АП-Нафта Оперейтинг» ЖШС, 060000, ҚР, Атырау облысы, Атырау қ., Азаттық даңғылы, №48, БСН 151140012039, e-mail: siseol@nss.kz.

Жобаны әзірлеуші: «Каспиан Энерджи Ресерч» ЖШС, 060005, Атырау қ., Смагулова к-1, 4А, МЛ №01042Р-14.07.07 ж., БСН 020840001081, e-mail: gul_shat_k@mail.ru, тел: 87770676529.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr_priroda@mail.ru / Тел.: 8(7122)32-55-09, БСН 050140002850

Жоба бойынша құжаттама бірінші экологиялық порталда <https://ecportal.kz/> және жергілікті атқарушы органның (ЖАО) ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru> орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады atr_priroda@mail.ru және сайтта <https://ecportal.kz/>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «АП-Нафта Оперейтинг» проводит общественные слушания в форме открытого собрания с целью обсуждения проекта «Отчет о возможных воздействиях к «Проекту разведочных работ по поиску углеводородов на участке Жантөрек согласно Контракта №5255-УВС от 22.08.2023 г».

Дата и время начала проведения общественных слушаний: 19.02.2025 года в 15.00 часов по адресу: Атырауская область, Қызылқоға ауданы, Мұқыр с.о., с.Жантөрек, здание Начальной школы №75.

Территория воздействия: координаты 1) 48°16'00" с.ш, 57°25'00" б.д, 2) 48°16'00" с.ш, 57°28'00" б.д, 3) 48°17'00" с.ш, 57°28'00" б.д, 4) 48°17'00" с.ш, 57°30'00" б.д, 5) 48°18'00" с.ш, 57°30'00" б.д, 6) 48°18'00" с.ш, 57°31'00" б.д, 7) 48°20'00" с.ш, 57°31'00" б.д, 8) 48°20'00" с.ш, 57°38'00" б.д, 9) 48°23'00" с.ш, 57°38'00" б.д, 10) 48°23'00" с.ш, 57°43'00" б.д, 11) 48°14'00" с.ш, 57°43'00" б.д, 12) 48°14'00" с.ш, 57°31'00" б.д.

Для подключения онлайн посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM необходимо перейти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCwZADckXOPio14rW7ao0BCARZA.1>

Идентификатор конференции: 495 616 6428
Код доступа: 1234567

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87024190246.

Инициатор: ТОО «АП-Нафта Оперейтинг», 060000, РК, Атырауская область, г.Атырау, Проспект Азаттық, №48, БИН 151140012039, e-mail: siseol@nss.kz.

Разработчик: ТОО «Каспиан Энерджи Ресерч», 060005, г. Атырау, ул. Смагулова, 4А, ГЛ №01042Р от 14.07.07 г., БИНО20840001081, e-mail: gul_shat_k@mail.ru, тел: 87770676529.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Атырауской области»: 060011, Атырауская область, г. Атырау, улица Айтеке би, 77, e-mail: atr_priroda@mail.ru / Тел.: 8(7122)32-55-09, БИН 050140002850.

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до начала слушаний по электронному адресу atr_priroda@mail.ru и на сайте <https://ecportal.kz/>.

МЕДИАТОР

**Қазақстан Республикасының
2011 жылғы 28 қаңтардағы
№401-IV «Медиация туралы»
Заңына сәйкес,
Миялы ауылдық округі бойынша
ауыл тұрғыны
Өтеуғали Дүйсәлі мен
Нығмет Бағыт Ғаниқызы
қоғамдық медиаторлар тізіліміне енгізілді.**

Өтеуғали Дүйсәлі 1958 жылдың 2 наурызында Сағыз ауылында дүниеге келді. 1980 жылы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих, қоғамтану пәндерінің мұғалімі және тәрбие жұмысының методисі мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын Миялы ауылындағы Н.К.Крупская атындағы орта мектепте мамандығы бойынша мұғалімдік қызметтен бастап, әр жылдары аудандық әдістемелік кабинетте меңгеруші, аудандық әдістемелік орталықта меңгеруші, аудандық білім бөлімінде маман, бас маман, №20 орта, №1 негізгі, Х.Досмұхамедұлы, Б.Аманшин атындағы орта мектептерінде директор, аудандық білім бөлімінде меңгеруші болып еңбек етіп, 2021 жылы, Ы.Шөреков атындағы мектеп-гимназиясында директоры лауазымынан, зейнеткерлік демалысқа шықты. «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Ыбырай Алтынсарин» төс белгісінің иегері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің, облыстық білім беру басқармасының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. «Amanat» партиясы саяси кеңесінің мүшесі.



Нығмет Бағыт Ғаниқызы 1958 жылдың 10 қазанында Қаракөл ауылында дүниеге келді. Орта мектепті бітірген соң екі жыл комсомол-жасар бригадасында еңбек етті. 1980 жылы Гурьев педагогикалық институтын бітіріп, №52 балабақшасында тәрбиеші-музыкант, музыка мектебінде баяншы, №20 орта мектепте, Ы.Шөреков атындағы мектеп-гимназиясында саз пәнінің мұғалімі, Миялы балалар өнер мектебінде мектеп директоры қызметін атқарып, зейнеткерлік демалысқа шықты.



Еңбек еткен жылдарында оқушылары облыстық республикалық халықаралық конкурстар жеңімпазы атанды. «Қазақстан Республикасы Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын иеленіп, «Білім беруді дамытуда қосқан үлесі үшін» медалімен, «Үздік музыка пәні мұғалімі» төс белгісімен марапатталды.

**Қазақстан Республикасының
2011 жылғы 28 қаңтардағы
№401-IV «Медиация туралы»
Заңына сәйкес
Тайсойған ауылдық округі бойынша
ауыл тұрғыны Молдашев Зұлқожа
қоғамдық медиаторлар
тізіліміне енгізілді.**

Молдашев Зұлқожа 1961 жылдың 9 қыркүйегінде Тайсойған ауылында дүниеге келді. 1976 жылы Тайсойған 8 жылдық мектебін бітіріп, 9-10 сыныпты Қарабау орта мектебінде оқыды. 1978-1979 жылдар аралығында Сағыз ауылындағы кәсіптік-техникалық училищесінде (СПТУ) оқып, жүргізуші мамандығын алды. 1979-1981 жылдар аралығында әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтеді. Әскерден келген соң 1981-1987 жылдары Ғ.Сланов орта мектебінде көлік жүргізушісі, 1987-1996 жылдары Энгельс атындағы кеңшарда механизатор болып еңбек етті. 1996 жылдан бері жеке шаруашылықпен айналысады. 1982 жылы отбасын құрып, екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді.



**Қазақстан Республикасының
2011 жылғы 28 қаңтардағы
№401-IV «Медиация туралы»
Заңына сәйкес,
Ойыл ауылдық округі бойынша
ауыл тұрғыны
Әжіғалиева Орынша Жалғасқызы
қоғамдық медиаторлар тізіліміне енгізілді**

Әжіғалиева Орынша Жалғасқызы 1972 жылдың 1 желтоқсанында Миялы ауылында дүниеге келіп, 1979-1982 жылдары Миялы орта мектебінде, 1983-1989 жылдары №20 орта мектебінде білім алды.



Атырау ауыл шаруашылық техникумын зооветеринария, Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжін қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетін «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша тәмамдады. Ойыл ауылдық округінің ветеринариялық пунктінде мал дәрігері, пункт меңгерушісі болып еңбек етіп, 2020 жылдың желтоқсан айынан аудандық ветеринариялық зертхана меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Ойыл ауылдық округі әкімі жанындағы аналар кеңесінің төрайымы.